

# *Кредиттік оқыту жүйесі*

**Орындаған: Жекебай А.Қ.**

**МД-к-111**

**Кредиттік оқыту технологиясы** — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді тандап алған траекториясын регламенттеу болып табылады

# Пайда болуы...

**Кредиттік жүйе алғаш рет АҚШ пайда болды.**

**1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті, белгілі Американдық білім қайраткері Чарльз Элиот салып, «кредит-сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын.**

**Бұл жүйе алғашында пәндер көлемі жүйесінің шешуін өлшеуші «кредит-сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті университет, колледж, мектеп топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, енгізе бастады**

# Қазақстанда

- ✓ 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Елімізде 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Осы заңның 11 бабында білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны атап көрсетілген.
- ✓ ҚР-ның «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66-шы «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген.

## **Кредиттік оқыту жүйесін енгізудің мақсаты**

Студенттердің кәсіби дайындық деңгейін арттыру, олардың жеке шығармашылық қабілеттіліктерін жан-жақты дамыту, қажет болған жағдайда студенттерге жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарына кедергісіз ауысу мүмкіндігін беру.



# Міндеттері

- ❖ білім көлемін біріздендіруді, оқытуда барынша дараландыру үшін жағдай туғызуды, білім алушылардың білімін тексеруді күшейтуді, білім алушылардың оқудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтауды жатқызамыз.
- ❖ Кредиттік оқыту технологиясының негізгі міндеттерінің ішінде- оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, білім беру бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың білімін тексеруге арналған бақылау сұрақтарын жандандыруды атап өткен орынды.
- ❖ Қазақстанның жоғары мектебі дүниежүзілік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру жетістігіне еруге ұмтылу бағытында. Алға қойған мақсаттарға жету механизімі Болондық процестің өлшемдерін орындау арқылы жүзеге асырылады.
- ❖ Еуропа елдерінің қолдап отырған Болон декларациясының басты ұстанымдары: жоғары білім берудің үш деңгейін бекіту; оқыту үрдісін ұйымдастырудың және оқыту нәтижесін бағалаудың еуропалық кредит жүйесін енгізу; оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы; білім беру барысында еуропалық сапа деңгейін қамтамасыз етіп, жоғары білім сапасын бақылау



## **Кредиттік оқыту жүйесінің басты ерекшелігі**

Қойылатын бағаның әділдігімен оның ашық, айқындығы, яғни студентке белгілі алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы (көрсеткіш) арқылы өзінің білім сапасын өзіне бағалап отыруға мүмкіндіктің берілуі.

Оқу бағдарламасында әрбір пән бойынша екі немесе үш кредитке бөлінген. Олардың әрбір кредит көлемінде атқаратын қызметті, міндеттерінде айқындалынған. Студенттер өздеріне жүктелінген міндеттерді уақытылы орындап, ұпай санын арттырып отырмаса, сол пән бойынша «жазғы семестрге» қалу, тіпті GPA төмен болған жағдайда курстан курсқа көшпей қалуы да қаупі бар.

# КРЕДИТТІК ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ





# Көздейтін мәселелер...

білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлерді оқу үдерісіне тарту;

білім алушылардың оқытушыларды таңдаудағы еркіндігі;

білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән бойынша еңбек шығынын бағалау үшін кредиттер жүйесін енгізу;

білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективтік пәндердің каталогына енгізілген таңдауы бойынша пәндерді олардың таңдау еркіндігі;

оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану;

білім беру бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жандандыру;





**Қазіргі таңдағы ғылыми техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі қоғамның алдында тұрған негізгі міндет.**

**Сондықтан, қандайда бір мелекеттің білім жүйесінің халықаралық дейгейдегі кредиттік жүйеге өтуінің маңызы ерекше.**



Еліміздегі жоғары оқу орындарында эксперимент ретінде енгізілген кредиттік оқыту жүйесі – заман талаптарына сәйкес болашақ маман бойында толыққанды білімді қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеу және білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын жаңа оқыту жүйесі. Оқытудың кредиттік технологиясын енгізудің дәстүрлі оқытудан ерекшелігі – мұнда студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға көп уақыт бөлінеді, яғни өзіндік іздену мен өзін-өзі дамытуға мүмкіндіктер береді.



**Назарларыңызға  
рахмет!!!**